

**Аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 357 "2020 - 2022 жылдарға арналған Ақтасты ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 457 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 7459 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9–1 бабының 2 тармағына, 109-1 бабының 4 тармағына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 357 "2020-2022 жылдарға арналған Ақтасты ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6728 тіркелген, 2020 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі 3 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.",

орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Көрсетілген шешімінің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Әйтеке би аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әйтеке би аудандық мәслихатының сессия төрағасы*

*А. Дошаев*

*Әйтеке би аудандық мәслихатының хатшысы*

*Е. Тансыкбаев*

Әйтеке би аудандық мәслихаттың  
2020 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ 457 шешіміне қосымша  
Әйтеке би аудандық мәслихаттың  
2020 жылғы 6 қаңтардағы  
№ 357 шешіміне 1-қосымша

### 2020 жылға арналған Ақтасты ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		2020 жылға нақтыланған бюджет, мың теңге
			I. КІРІСТЕР		35119,5
1			Салықтық түсімдер		1333,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		1333,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		17,0
		3	Жер салығы		27,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		1289,0
2			Салықтық емес түсімдер		30,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		30,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		30,0
4			Трансферттердің түсімдері		33756,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		33756,5
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		33756,5
Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	2020 жылға нақтыланған бюджет, мың теңге
				II. ШЫҒЫНДАР	35119,5
				Жалпы сиппатағы	

01				мемлекеттік қызметтер	17032,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	17032,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17032,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17032,0
04				Білім беру	15345,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	15345,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15345,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	15345,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2742,5

	3			Елді-мекендерді көркейту	2742,5
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2742,5
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1500,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	800,0
			011	Елді мекендерде абаттандыру мен көгалдандыру	442,5
				III. Таза бюджеттік кредит беру	0,0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операция бойынша сальдо	0,0
				V. Бюджет тапшылығы (профицит)	( 0,0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 0,0